Баспасөзге жазылуды ұмытпа!
«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» ГАЗЕТІНЕ ЖАРТЫ ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

2026 жыл / 14 сәуір / сейсенбі / №39 (19879)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

Qostanai taңy

kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru

Б.КӨРКЕМБАЕВ

Соңғы үш жылда облыста абаттандыру мен көгалдандыруға миллиардтаған қаржы бағытталып, ондаған саябақ пен инфрақұрылым нысандары іске қосылды. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы сенбілік – осы өзгерістердің бір бөлігі іспеттес бастамалардың бірі. Тазалық акциясына облыс әкімі Құмар Ақсақалов пен облыстық мәслихат төрағасы Сайлаубек Ещанов қатысып, Қостанайдағы Триатлон саябағын және Тобыл өзені жағалауын тазартуға атсалысты.

ОРТАҚ ІСКЕ ОРАСАН ҮЛЕС

Сералы МЫРЗАБАЙ

Сенбілікке мемлекеттік мекеме қызметкерлері, ұйым өкілдері мен белсенді жастар да шықты.

Құмар Ақсақалов алдымен облыста орталығында жүзеге асып жатқан жобалармен танысты. Қостанай қаласының әкімі Марат Жүндібаев қаланың әр ауданында салынған және істеліп жатқан жағын саябақтар туралы ақпарат берді.

«ҚЖБИ ауданындағы А.Байтұрсынұлы университетінің корпусы аумағындағы 4 гектар толықтай абаттандырылды. Велосипед және жаяу жүргіншілер жолдары салынды.

3-бет

ҚҰРМЕТ, МІНДЕТ, ҰРПАҚҚА ІЗЕТ

2 бетте

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ, ЖАНАШЫР ДӘРІГЕР

5 бетте

ТАҒЫ ДА СҮЙІНШІ ЖАҢАЛЫҚ!

7 бетте

МӘДЕНИ МАЙДАН МАЙТАЛМАНЫ

8 бетте

Құрмет, міндет, ұрпаққа ізет

Айбек ЖҮЗБАЙ

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Батырбек Ахметов бес жылға қайта сайланды. Бұл туралы кеңестің аймақтық тоғызыншы конференциясында белгілі болды. Облыстық мәслихаттың төрағасы Сайлаубек Ещанов «Ардагерлер ұйымы» Орталық кеңесі Батырбек Мықансалықұлының кандидатурасын ұсынғанын хабарлады. Облыс басшысы Құмар Ақсақалов кеңестің жаңа басшысына сенім білдіріп, жиналғандарды конференцияның ашылуымен құттықтады.

Бес жылға жаңа міндет, еңсерілген асулар

«Бұл конференция – маңызды мәселелерді саралап, алдағы міндеттерді айқындайтын жауапты алаң. Құрмет пен ұйымшылдықтың арқасында қоғамдық өмірден лайықты орын алып отыр. Ардагерлер – кешегі тарихтың куәгерлері, бүгінгі тәлім мен тәрбиенің бастауы. Сіздердің өмір жолдарыңыз, еңбек пен ерлікке толы тағдырларыңыз жас ұрпақтың бойына патриоттық сезім мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы дамуына өлшеусіз үлес қостыңыздар. Өмірлік тәжірибе, даналық жолдарыңыз өскелең ұрпақ үшін үлкен өнеге. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге белсене атсалысып келе жатқандарыңыз үшін баршаңызға алғыс айтқым келеді», – деді облыс әкімі.

Бүгінгі таңда ардагерлерге жан-жақты қолдау көрсетуге жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік көмек көрсету, медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша нақты шаралар іске асырылды. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан ардагерлердің өмір сапасын арттыруға, олардың қоғам өміріне белсене араласуына жағдай жасауға көңіл бөлінеді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады. Бұл туралы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Батырбек Ахметов жік-жігімен тігісін жатқызып әңгімелеп берді. Ардагерлердің Орталық аппарат кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовтің лебізін оқып, он екі өңірмен құттықтау хат алмасты.

«Біздің ата-бабаларымыз: «Елу жылда ел жаңа», – деп жаңаны атпен кезіп жүрген уақытта айтқан екен. Қазір ғылым мен техниканың дамыған уақыты, сондықтан да болар алғашқы Конституция қабылданған 1995 жылдан бері 30 жыл өткеннен кейін заманның ағымына қарай Ата Заңымызды жаңартып 15 наурызда өткен референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Конституцияның адам құқығын қорғайтын, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ететін пәрменді құралға айналуы біздің негізгі мақсатымыздың орындалуы. Бүгін міне сіздер мен біздер осыған куә болып отырмыз. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының негізгі іс әрекеттерінің бірі – жастармен жұмыс істеу, әкелеріміз бен аталарымыздың батырлық үлгілері арқылы ұрпақтың әскери және еңбек даңқы дәстүрлері, ата-бабаларымыздың озық халықтық дәстүрлері негізінде тәрбие жұмысына қатыстырып, жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық және патриоттық сананы қалыптастырып, белсенді азаматтық ұстанымдарын арттыруға, рухани – адамгершілікке үйретуге бағытталған», – деп сөзін әріден бастады ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Айтуынша, ардагерлер ұйымдары, қала, аудандарда тұрып жатқан соғыс ардагерлерінің тұрмыстық жағдайларын тұрақты бақылауда ұстауды үрдіске айналдырды. Облыстағы қалалық және аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағалары дәстүрлі «Қалайсың, құрметті ардагер?», «Қалыңыз қалай, құрметті ардагер?», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Ардагер, қалай өмір сүріп жатырсыз?», «Ардагерге барамыз», «Ұрпақтар жадында» акциясы бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің үйлеріне барып, хал-жағдайларын сұрап шықты. «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін» деген үндеуді орындап, жастайынан колхоз даласында еңбек еткен тыл еңбеккерлерін де ұмытпай, қарт ата мен әжелерді құттықтап отырады. Жалғызбасты зейнеткерлердің де тұрмыстық жағдайларын назардан тыс қалдырмайды. Облыстағы қалалық және аудандық ардагерлер ұйымдарының бастамасымен сенбіліктер өткізіліп келеді. Мәселен, зираттар қоқыстан тазартылып, ескерткіштер мен ескерткіш тақталар, ардагерлердің жерленген орындары ретке келтірілді. Бұл бастама жыл бойы жалғасады.

Елдің ұйытқысы – «Дәнекер» мен әжелер

«Орталық кеңес ұсынған «Дәнекер» пилоттық жобасының мақсаты – Медиация туралы заңды басшылыққа ала отырып, дау-жанжалды шешуде қазақ билерінің тәжірибесін ұлттық құндылығымыздың бірі ретінде негізге алып, қоғамды бірлік пен келісімге шақыру. Ата-бабадан келе жатқан дәстүрдің озық үлгілерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – бүгінгі таңда ардагерлеріміздің міндеті. Осы жұмысты республика көлемінде жандандыру мақсатымен ардагерлер кеңесіне оны шұғыл түрде іске асыру тапсырылған болатын. Ауқымды іс-шаралардың бірі – «Ардагерлер ұйымы» облыстық филиалы ұйымдастырып «Аялы әже» мүсін-таңбасын Ақтөбе филиалына табыстағаны», – деді Батырбек Ахметов.

Осыдан үш жыл бұрын «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалы облыстық кеңесі жанынан құрылған «Әжелер алқасының» 10 жылдығын кеңінен атап өткен еді. «Әже – ұлт ұйтқысы, тәрбие бесігі» тақырыбында «Аялы әже» облыстық форумын өткізген. Түркістаннан Жамбылға жеткен «Аялы әже» мүсін-таңбасы Алматы мен Астана қалаларынан өтіп, 8 облыстан кейін Қостанай облысына да жеткен еді. Араға бір жыл салып, Солтүстік Қазақстан облысынан «Аялы әже» мүсін-таңбасын Қостанай облысы ардагерлер кеңесі қабылдап алған. Кеңес төрағасы осы жайлы айтып отыр. Осы әжелердің бірі, облыстық филиал жанынан құрылған «Әжелер алқасының» төрайымы Рысты Ерденқызы қала, аудан мектептерінің оқушыларына, А.Байтұрсынұлы университетінің студенттеріне «Ұлттық құндылықтарымызды қастерлейік», «Қыз әдебі, отбасылық тәрбие» және тағы басқа да тақырыптарда құнды дәрістер оқып, кездесулер ұйымдастырып жүргенін талай дәріптеген болатынбыз.

Жолданған сауал, бірлескен амал

Кеңес төрағасы осы бағытта қалыс қалып отырған кемшін тұстарға да тоқталып, облыс басшысына өтініш сауал жолдады.

«Ата-бабадан келе жатқан дәстүрдің озық үлгілерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – бүгінгі таңда ардагерлеріміздің міндеті. Осы жұмысты республика көлемінде жандандыру үшін ардагерлер кеңесіне оны шұғыл түрде іске асыру тапсырылған болатын. Алайда Меңдіқара, Әулиекөл, Қарасу, Ұзынкөл аудандарында әлі күнге медиаторлар жоқ», – деді Батырбек Ахметов.

Осы тұста айта кетерлігі, мемлекет қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыру жөнінде міндет қойып отыр. Бұл ретте ересек халыққа белсенді ұзақ өмір сүруді насихаттауға және дамытуға байланысты қызметке ерекше назар аударылады. Денсаулық сақтау жүйесін жетілдірудің тиімді шараларының бірі аға буын азаматтарды дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тартып жатыр.

«Біздің облысымызда да, соңғы жылдары, «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасы бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Зейнеткерлер спортзалына барады, компьютерлік сабақтар алады, ұсақ моторикамен есте сақтау қабілетін жаттықтырады, ән айтып, билейді, скандинавиялық жүрумен айналысады. Ардагерлер арасында жыл сайын жүзден астам спорттық іс-шара өткізіледі. Жарыс ұйымдастыру үшін көршілес аудандарға сапарлар дәстүрге айналды. Осы іс шараларды ұйымдастыруға қаражат керек екенін білесіздер. Облыстағы барлық қала-аудандарында «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасы бойынша қаражат бөлінеді. 2025 жылғы бөлінген қаражат жайлы айтатын болсам, Жангелдин ауданынан басқа барлық қала аудандар қаражат бөлген», – деді төраға.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов бұл олқылықтардың орнын толтыру кезек күттірмейтінін айтты.

«Бұл мәселені дер кезінде қолға алайық. Осындай мәселелер аудан тұрмақ, облыс орталығында да бар. Қаламыз бүгінде үлкейіп келе жатыр. Кейбір жаңа шағынаудандардың қарт тұрғындары өздерінің маңайларынан осындай орталықтар ашып беруді өтінген. Бұл сауалдар назарамыздан тыс қалмайды. Аудандарға келер болсам, шешімін тауып беру кезек күттірмейді. Ардагерлерге қамқорлық әрқашан үзілмейді», – деді әкім.

Отырыстың негізгі кезеңінде алдағы міндеттерді айқындады. Облыс басшылығы тарапынан Арқалық қаласының мерейтойына бір кісідей жұмылу назарға алынды. Ол туралы облыс әкімі Құмар Ақсақалов мәжіліске қатысушыларды бір серпілтіп тастады.

«Өздеріңізге белгілі, биыл Арқалық қаласының жетпіс жылдығы. Ол қалада үлкен әуежай құрылысы жүріп жатыр. Басында кедергілер болғанымен, бүгінде толық шешімін тапты. Бір сөзбен айтқанда, ол жақтағы жұмыс қарқыны күшті. Шілденің аяғында жұмысты толық аяқтайтын боламыз», – деді әкім.

Ардагерлерді қаланың мерейтойына бір кісідей қатысуға шақырды.

Қала аудан филиалдары демекші, ардагерлердің қатысуымен «Жылдам шахмат» бойынша Қостанай облысының ардагерлері арасындағы «Senat Open 2025» кубогының 1/8 финалы өтті. «Senat Open 2025» турнирін Қазақстан шахмат федерациясы корпоративтік және бұқаралық шахматты дамытудың мақсаты – зияткерлік даму құралы ретінде шахматты кеңінен насихаттау, қатысушы зейнеткерлердің спорттық дайындық деңгейін көтеру болатын. Бұл сайыста өңіріміздің ардагерлері тамаша өнер көрсеткені есімізде. Биыл да бұл үрдістің сақталуына табыс тіледі.

Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ

Ортақ іске орасан үлес

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

1-бет

Тартан жабындысының көптеп төселуі, әсіресе, аға буын өкілдеріне қолайлы жағдай жасап отыр. Қазірдің өзінде зейнеткерлердің жиналып, дене жаттығуларымен, соның ішінде йогамен айналысып жатқанын көруге болады. Жаз мезгілінде бұл белсенділік одан әрі арта түседі деп күтілуде. Саябақ толық жарықтандырылған, суару жүйесі орнатылып, санитарлық тораптар қойылған», – деді Марат Жүндібаев.

Сонымен қатар аталған орындар спорттық тренажерлер, балалар ойын алаңдары және автотұрақтар қарастырылған. Бастысы, Қайырбеков пен Абай көшелерінің арасы жаяу жүргіншілерге ыңғайлы етіп байланыстырылып отыр.

«Келесі нысан – Темірбаев көшесіндегі 0,7 гектар аумақ. Бұл жер темір жол вокзалы ауданы тұрғындары үшін абаттандырылып, бүгінде халық игілігіне жұмыс істеп тұр. Арыстанбеков көшесінде 1,4 гектар аумақта жоба жүзеге асырылды. Негізінен жеке инвестициялар есебінен салынды. Қала бюджеті тек жүгіру жолының тартан жабынын қаржыландырды. Бұл аумақта да балалар және спорт алаңдары жасақталып, ағаштар отырғызылды. Қазір тұрғындар белсенді түрде демалып жатыр», – деді қала әкімі.

«Ұлы дала» саябағы 2017 жылы пайдалануға берілген. Жалпы аумағы – 11 гектар. Бұрын негізгі мәселе суару жүйесінің болмауы еді. Соңғы үш жылда бұл мәселе түбегейлі шешілген. Қазір жағалай көгалдандырылып, ағаштар мен жасыл желек жақсы өсіп келеді. Заманауи балалар алаңдары орнатылып, жарықтандыру жүйесі жаңартылды. Орталық жағажай аумағында өзен арнасын тазалау мәселесі шешіледі. Бұл бағыттағы жұмыстар табиғатты қорғау басқармасы арқылы жүзеге асырылады.

«Орталық саябақта да ауқымды жұмыстар атқарылды. Жарықшамдар толық жаңартылып, жаңа тастөсемдер төселді, суару жүйесі бар. Жалпы 6 гектар аумақтың 1,2 гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Аттракциондар паркін дамыту бойынша 1,7 млрд теңгелік жоба қарастырылып отыр. Сити-орталыққа да жаңа жоба әзірленуде. Жалпы аумағы – 2,3 гектар. Жобалауға 29 млн теңге бөлінді. Мұнда инженерлік желілер тартылып, абаттандырылып, тастөсем төселеді. Бұл орын қаланың көрнекі орнына айналуға тиіс. «Мирас» мәдениет үйі жөндеуден өтуде. Шатыры мен сахнасы жаңартылып жатыр. Алайда айналасындағы 0,8 гектар аумақ абаттандыруды қажет етеді. Бұл жұмыстарға шамамен 94 млн теңге қажет», – деді Марат Жүндібаев.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов тұрғындар демалатын орын көп болуы керек екенін айтты. Бірнеше жыл бұрын өңір басшысы барлық қала және аудан әкімдеріне тиісті тапсырма берген еді. Яғни, қайда бос жер учаскелері бар болса, оларды шағын саябақтар мен сквердерге айналдыру қажеттігі турасында. Ал жер көлемі жеткілікті болса ірі саябақтарды да салу қажет.

«Екі жыл бұрын Генерал Арыстанбеков көшесінде жақсы сквер пайда болды. Өткен жылы А.Байтұрсынұлы атындағы университет яғни, бұрынғы ауыл шаруашылығы институтының маңындағы ұзақ уақыт бос жатқан аумақты абаттандырып, көрікті паркке айналдырдық. Сонымен қатар, Темірбаев көшесінде де шағын саябақ ашылды. Биыл «Триатлон саябақ» жобасы толық аяқталады. Жаяу жүргіншілер жолының ұзындығы 900 метрден 2,5 шақырымға дейін ұлғайтылды. Балалар мен жастарға арналған көптеген спорттық нысандар салынды. Қаладағы барлық саябақтарды өзім жексенбі сайын аралап тұрамын. Қуантарлығы, ардагерлердің де белсенді түрде спортпен айналысып жатқаны. Жалпы аумақ толық суарылып, көгалдандырылады. Бұл жер қала тұрғындарының ең сүйікті демалыс орындарының біріне айналатыны сөзсіз», – деді Құмар Ақсақалов.

Қостанай ауданының әкімі Олжас Нұрғалиев Тобыл қаласындағы «Астана» шағын ауданының оңтүстігінде орман алқабында орналасатын жаңа экопарк салу жобасын таныстырды. Жобаның жалпы аумағы – 43 гектар. Жобаға сәйкес, ең алдымен автотұрақ аймақтары қарастырылған. Келушілер арнайы сәнді арка арқылы өтіп, ересектер мен балаларға арналған ойын-сауық аймағына кіреді. Мұнда балаларға арналған шағын сәулеттік формалар, спорттық тренажерлер, демалыс орындықтары қойылмақ.

«Экопарктің басты ерекшеліктерінің бірі – орман ішінде орналасатын жарықтандырылған велосипед және жүгіру жолдары. Олардың жалпы ұзындығы 2,5 шақырымнан асады. Сонымен қатар, тұрғындар мен қонақтардың қызығушылығын арттыру үшін спорт алаңдары салынады. Атап айтқанда, көпфункциялы футбол алаңы, баскетбол және волейбол алаңдары қарастырылған. Бұл парктің тағы бір артықшылығы – табиғи тыныштық атмосферасы. Негізгі кіреберістен небәрі 5 минут жаяу жүрген адам өзін қала сыртында жүргендей сезінеді. Дегенмен, саябақ Қостанай қаласының орталығынан бар болғаны 10 минуттық жерде орналасқан. Ал «Астана» шағын ауданының тұрғындары үшін бұл демалыс орны жаяу жететін қашықтықта болады. Аталған жоба шағын ауданның тартымдылығын арттырып, тұрғын үй таңдауда маңызды факторлардың біріне айналуы керек. Болашақта осы аумақта жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін салу жоспарланып отыр. Тротуарлар мен қосымша демалыс аймақтары да қарастырылған», – деді Олжас Нұрғалиев.

Айта кету керек, бұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жүзеге асырылып отыр. Былтыр әр облыс орталығының маңында экопарк ашуды міндеттеген еді.

«Мичурин ауылының маңындағы орман алқабында ашылатын саябақтың жалпы аумағы – 40 гектар. Қаржы қарастырылған. Жоба аясында велосипед жолдары, жаяу жүргіншілер аймақтары, жарықтандыру жүйесі, спорт алаңдары салынады. Яғни табиғи орман атмосферасы сақтала отырып, заманауи демалыс орны қалыптастырылады. Экопарк облыс тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналады деп сенемін. Ерекше жоба, енді сәтті аяқтау қажет», – деді Құмар Ақсақалов.

Облыста елді мекендерді абаттандыру және экологиялық жағдайды жақсарту үшін «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыру жалғасуда. Соңғы үш жылда бағдарлама аясындағы жобаларды жүзеге асыруға 54 млрд теңге бағытталған. Сонымен қатар, өңір кәсіпкерлері әлеуметтік жауапкершілік аясында меморандум негізінде кейінгі үш жылда абаттандыру жұмыстарына 7 млрд теңгеден астам қаражат бөліп отыр.

«Осы кезеңде 94 парк пен сквер салынып, абаттандырылды, 420 балалар және спорт алаңдары орнатылды. Нәтижесінде тұрғындар үшін заманауи, жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптасып, халықтың өмір сапасын арттыруға және қоғамдық белсенділігін күшейтуге ықпал етуде. Сондай-ақ 200-ден астам көпқабатты тұрғын үйге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шатырларды жөндеу және сыртқы қабырғаларды жылылау нәтижесінде тұрғын үй қорының техникалық жағдайы айтарлықтай жақсарды. Бұл ғимараттардың сенімділігі мен ұзақ мерзімділігін арттырып, жылу шығынын азайтты және тұрғын үйлерді пайдалану жағдайын жақсартты. Сонымен қатар, қалалар мен ауылдардың сәулеттік келбеті де айтарлықтай жақсарды», – дейді Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Сабыржанов.

Бағдарлама аясында мыңнан астам ескі және апатты ғимараттар сүріліп, 39 мыңнан астам жарық шамдары орнатылды. Көшелерді жарықтандыру деңгейі 2023 жылмен салыстырғанда 82 пайыздан 94 пайызға дейін өсті. Елді мекендерді көгалдандыру бағытында да көрсеткіш жақсы. Өңірлік көгалдандыру жоспарына сәйкес 374 мың жасыл желек отырғызылды. Өткен жылы жоспарланған 105,4 мыңның орнына 143,9 мың көшет егілген.

«2024 жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қаржысы есебінен 795 млн теңгеге екі жоба іске асырылды. Биыл жалпы құны 7,2 млрд теңге болатын тағы екі инвестициялық жоба қолға алынған. Бұл жобалар қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жүйесін дамытуға, өңірдегі экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және қайта өңделетін шикізат үлесін ұлғайтуға жол ашады», – деді Азамат Сабыржанов.

Осы жылы «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жалғасып жатыр. Қоғамдық кеңістіктерді дамытуға, саябақтар мен алаңдарды абаттандыруға, тұрғын үй қорын жөндеуге, спорт алаңдарын орнатуға 16 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған. Сонымен қатар, облыс бойынша елді мекендерде 77,3 мың ағаш отырғызу міндеті қойылған.

Суреттерді түсірген – Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ

Ұлт рухы мен тәуелсіздік тағылымы

Қостанайда тағылымы терең, мазмұны бай жаңа жоба қолға алынды. Оның негізгі бағыты – әділетті мемлекет құру, біртұтас ұлт қалыптастыру және патриотизм құндылықтарын қоғам санасына сіңіру. Бұл бастама өңірдегі қоғамдық келісімді нығайтып, жастардың елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағалануда. Жобаның ұйлестірушісі – облыстық Қоғамдық даму басқармасы. Ал алғашқы спикері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов.

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Елге белгілі тұлға, тіл жанашыры Ербол Тілешовтің дәрісіне қатысу бір ғанибет. Тыңдай бергің келеді. Ол кісі бір күннің ішінде бірнеше алаңда жастармен және қоғам өкілдерімен жүздесті. Атап айтқанда, №31 жалпы білім беретін мектепте, «Студенттер сарайында», «Тілдарын» орталығында мазмұнды кездесулер өткізді. Әрбір басқосуда ашық пікір алмасу алаңы қалыптасып, қатысушылар көкейлеріндегі сауалдарын қойып, еркін диалог орнатты.

Дәрістер циклінің алғашқысы «Тәуелсіздік идеясы: патриоттық сезім мен сана» тақырыбымен бастау алды. Аталған жиында тәуелсіздік ұғымының мәні тереңінен талданып, оның тарихи, рухани және саяси маңызы жан-жақты ашылды. Қатысушылар ел тәуелсіздігінің қадірін түсініп, оны сақтаудың маңыздылығы жөнінде тағылымды ой түйді. Сонымен қатар жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, ел болашағына деген жауапкершілігін арттыру мәселелері кеңінен қозғалды.

Патриоттық сананы қалыптастырудың негізгі бағыттары кеңінен сөз болды. Әсіресе, тіл мен мәдениеттің тәуелсіздікті нығайтудағы айрықша рөліне ерекше назар аударды. Ұлттың рухани тірегі саналатын ана тілінің мәртебесін арттыру, ұлттық құндылықтарды сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу мәселесіне басымдық берді.

Спикердің әр дәрісі бір жарым сағатқа созылып, жиналған қауым үшін мазмұнды әрі тағылымға толы болды. Ербол Тілешов елдің тарихи кезеңдеріне кеңінен тоқталып, ұлттық рухтың қалыптасу жолдарын терең талдап берді. Әсіресе, Алаш зиялыларының еңбектеріне ерекше назар аударды. Ол Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт тұлғаларының туған жерінде олардың еңбегін атап өтудің маңыздылығын ерекше жеткізді.

«Ахмет Байтұрсынұлын тек ағартушы деген аздық етеді. Ахмет – реформатор. Ағартушылық Ахметтің бір ғана сипаты. Ол ғылым тілін, бір өзі тіл білімін, әдебиеттануды, әдістеме ғылымдарын қалыптастырды. Әлемде 7018 тіл болса, соның жартысында жазу жоқ. Ал бүкіл тарихта әліпби істеген жиырма-ақ адам бар. Соның біреуі – Ахаң. Сондықтан, Ахметті біз қазақ халқын ренессанстық деңгейге жеткізген тұлға деп қарауымыз керек», – деді Ербол Тілешов.

Сонымен қатар спикер Ахмет Байтұрсынұлының қысқа уақыт ішінде атқарған орасан еңбегіне тоқталып, оның ғылыми мұрасы әлемдік деңгейде мойындалғанын баяндады.

«Бір Ахаң 1912 жылдан бастап, 1927 жылға дейін, яғни 15 жылдың ішінде орыстың 70 ғалымы 180 жылда жасаған дүниені жасады. Оны орыс ғалымдары мойындады. Ол сондай бір адам, кейде Ахаң осы адам ба, адам емес пе деп те ойлаймын. Шынымен де солай. Қанша оқып, біліп тұрсаң да, бір адамның соншама істегеніне таңғаласың. Алты рет абақтыға түсіп, өзінің халқы жартылай түсінбей жүрген, орыс жағадан, халқы етектен тартып жүрген адамға соншама білім берген, соншама жігер берген, соншама ақыл берген. Біз Ахметті бағалай алмай жүрміз», – деп тоқталды.

Дәріс барысында тарихи тұлғалардың ұлт санасын қалыптастырудағы рөлі кеңінен сөз болды. Спикер олардың шығармашылығы мен идеялары бүгінгі күнмен сабақтас екеніне тоқталды.

«Бәрін түсіне алам. Абайдың да неге Абай болғанын, Мағжанның неге Мағжан екенін түсіне алам. Бірақ, Ахметке келгенде оған менің білімім жетпейді. Бірде Ахаңның 150 жылдығында Парижге бардық. 110 мемлекеттен адамдар қатысты. Еңбектерін ағылшын, түрік, орыс тіліне аударып тараттық. Соңында бір қара нәсілді жігіт келіп, «мен сіздердің баяндамаларыңызды тыңдамадым, Ахметтің еңбектерін оқыдым. Шынымен данышпан адам екен» деп ризашылығын білдірді. Ахаң – феномен», – дейді ол.

Ербол Тілешов өз сөзінде бүгінгі буынның білім деңгейі өткен ұрпақтан кем еместігін айта отырып, негізгі мәселе ұлттық қайрат пен намыста екенін жеткізді.

«Біз бала тәрбиесіне келгенде ең алдымен оның ақылын, сабағын тәрбиелеп кеттік. Бірақ бірінші баланың сезімін тәрбиелеу қажет. Сезім деген ол – талғам. Абай да айтқан мұны. Ол таным теориясын бастаған адам. Интуициясын тауып, балалардың жүрегінің шамшырағын жаға біліңіздер. Кішкентайынан бастап бойында сезім қалыптасса, патриот болады. Балаларға түсіндіргенде осындай дүниелерді қызықты етіп, түсіндіре білген жөн», – деп ойын айтты.

Жалпы, бұл дәріс тыңдаушыларға терең ой салып, ұлттық құндылықтарды қайта зерделеуге үлкен мүмкіндік берді. Осындай мазмұнды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, қоғамда патриоттық сана мен рухани жаңғыруға серпін берсе – ұтқанымыз сол.

Білімпаз жанның сағаттап айтқан әрбір дәрісін ұйып тыңдай бергің келеді. Жансарайың ашылып, рухани тұрғыдан байып, жаңаша ойлай бастайсың. Бұған дейін білеміз деп жүрген дүниелеріңнің өзі қайта сараланып, тереңдей түседі. Баршаға таныс Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды тұлғаларды мүлде басқа қырынан танып, осы уақытқа дейінгі білгеніміз тек үстірт қана болғанын іштей мойындайсың. Тың деректерге қанығып, бұрын естімеген мағлұматтарды естідік. Әрбір айтылған ойдың астарында терең мән, тарихи сабақтастық жатыр. Оның бәрін шағын жазбаға сыйдыру, әрине, мүмкін емес.

Ең бастысы, осыншалықты биік деңгейдегі ғалым бола тұра, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі арқылы көптің ықыласына бөленген Ербол Тілешов мырза баршаға ашық екенін аңғартты. Кездесу соңында ол «Қостанай таңы» газетінің оқырмандарына арнап, Ахаң жайындағы мақалалар циклін ұсынатынын айтып, уәде берді. Бұл біз үшін шын мәнінде үлкен олжа, рухани қоржынға қосылған бағалы дүние болмақ.

«Studentvision» – жастардың өнер алаңы

X «Studentvision» байқауы Жастар сарайын думанға бөледі. Мерейтойлық форматта ұйымдастырылған жоба он жыл ішінде Қостанай жоғары педагогикалық колледжінің шағын бастамасынан өңір жастарын біріктіретін ірі мәдени алаңға айналып үлгерген.

Биылғы байқау жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлігімен, қатысушылардың тың идеяларымен және сырттан келген қонақтармен есте қалды десе де болады.

Байқау қорытындысына келсек, қазылар алқасы негізгі номинациялар бойынша үздіктерді анықтап, есімдерін атады. «Вокал» аталымында Австрия елінің атынан қатысқан Сабина Адебиет (Қостанай политехникалық жоғары колледжі) жеңімпаз атанды. Ол «Rise Like a Phoenix» әнін жоғары деңгейде орындады. Ал «Хореография» номинациясында бас жүлде байқау иелерінде қалды. Швеция атынан өнер көрсеткен «System 9» ұжымы (Қостанай жоғары педагогикалық колледжі) жеңіске жетіп, көрермендерді шеберлігімен, үйлесімді қимылымен және заманауи стилімен тәнті етті.

Кеш барысында «Вокал» бағыты бойынша Князь Филиппов, Манат Дүйсебаев, Жанерке Сисенбай және Вероника Горицына өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, сертификаттарға ие болды.

Ал «Хореография» номинациясында «MDC», «Жас Толқын», «Merey» және «Golden Stars» ұжымдары сахна мәдениеті мен ұлттық нақышты үйлестіре отырып, кәсіби деңгейдегі қойылымдарын ұсынды.

Кештің құрметті қонағы – Швеция Королдігінің Қазақстандағы Елшісі Стефан Эрикссон болды. Оның қатысуы байқаудың халықаралық деңгейін айқындап, мәдени байланыстарды нығайтудағы маңызын арттыра түсті.

«Studentvision» жаңа таланттарды танытып қана қоймай, шығармашылық ынтымақтастықтың жарқын үлгісін көрсетті. Бұл жоба Қостанай жастарының өнерге деген қызығушылығы мен әлеуетінің жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

А.ӘБДІЛДА
Суретті түсірген – Антон БОКОВ

Жаңа технология, Жанашыр дәрігер

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Өткен жылы мемлекеттік бағдарлама аясында Жангелдин аудандық ауруханасының қатары үш дәрігермен және алты орта буын жас маманмен толықты. Тәжірибелі дәрігерлер аудан орталығында халыққа қызмет көрсетуді жалғастырса, жас мамандар ауыл-аймаққа аттанып, тұрғындардың денсаулығын жақсартуға білек сыбана кірісті. Бүгінде олар елмен етене араласып, медициналық көмекті қолжетімді етіп келеді.

Жангелдин аудандық ауруханасының тарихы тұтас бір өңірдің денсаулық сақтау саласының даму шежіресі іспетті. Іргетасы 1975 жылы қаланған бұл мекеме өз дәуірінде аудан халқы үшін бірегей әрі беделді медициналық орталық болды. «Елу жылда ел жаңа» демекші, арада жарты ғасырға жуық уақыт өткенде аурухана жаңа тыныс алды. 2020-2021 жылдары мемлекеттік «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында екі қабатты ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіліп, медициналық мекеме заман талабына сай жаңғыртылды. Бүгінде аурухана заманауи құрал-жабдықпен толық қамтылып, бұрынғыдан да қуатты қызмет көрсету мүмкіндігіне ие. Атап айтқанда, медициналық жасанды тыныс алу аппараттары, дефибрилляторлар, кардиомониторлар, наркоз аппараттары, реанимациялық үстелдер орнатылған. Сонымен қатар СМАД, ХОЛТЕР, ЭКГ, маммограф сынды диагностикалық құрылғылар да дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп, науқастарға сапалы қызмет көрсетуге жол ашып отыр.

Ауруханың қазіргі басшысы Эльмира Мәметова 2022 жылы реаниматолог-анестезиолог ретінде қызметке келіп, аз уақыт ішінде өзінің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігін дәлелдеді. Бір жылдан кейін бас дәрігердің міндетін атқарушы болып тағайындалды. Мемлекеттік бағдарлама арқылы ауылға келген жас маманға тұрғын үй мен көтерме жәрдемақы беріліп, еңбек етуге барлық жағдай жасалды. Бүгінде ол бес жылдық келісімшартының төрт жылын артқа қалдырды. Қызметімен қатар, бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана. Екі баласы да студент. Шалғай өңірдегі медицина саласы бүгінгі талаптарға сай жаңарып, халыққа сапалы қызмет көрсетудің тиімді жүйесі қалыптасқан. Қазіргі таңда телемедицина мүмкіндіктері кеңінен қолданылып, дәрігерлер қашықтан кеңес алып, тәжірибе алмасуда. Бейінді мамандардың көмегі қажет болған жағдайда, телемедицина арқылы жедел кеңестер беріліп, ауыр хәлдегі науқастар жедел жәрдем көліктерімен облыс орталықтарындағы ірі медициналық мекемелерге жеткізіледі. Ал науқастың жағдайы тым күрделі болса, санитарлық авиация қызметі іске қосылады.

«Аудан дәрігерлері жүкті әйелдердің денсаулығын ерекше бақылауда ұстап отыр. Қазіргі уақытта ауданда 68 жүкті әйел тіркелген. Сонымен қатар, бір жасқа дейінгі балалар саны - 156. Өткен жылы аудандық ауруханың перзентхана бөлімінде 20 сәби дүниеге келсе, осы жылы да туу көрсеткіші жоғары деңгейде сақталып отыр. Денсаулық сақтау саласында аурулардың алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілуде.

Атап айтқанда, қант диабеті, артериялық гипертензия, жүрек-қан тамырлары аурулары, сондай-ақ сүт безі, жатыр және тік ішек обырларының алдын алу және ерте анықтау бағытында жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Әрбір науқасқа дер кезінде көмек көрсетіліп, қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басты назарда», – дейді аудандық ауруханаының бас дәрігері Эльмира Мәметова.

Жангелдин аудандық ауруханасының құрамында 17 дәрігерлік пункт пен 2 фельдшерлік-акушерлік пункт (ФАП) халыққа қызмет көрсетеді. Аудан халқының жалпы саны 10 мыңнан асады. Тұрғындарға тәулік бойы стационарлық және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Күндізгі стационарда 33 төсек, ал тәуліктік стационарда 23 төсек орны қарастырылған. Мұнда жұқпалы аурулар, балалар, хирургия, терапия, паллиативтік көмек және оңалту бөлімдері жұмыс істейді. Медицина мекемесінде барлығы 156 қызметкер еңбек етеді. Олардың ішінде 10 жоғары білімді дәрігер, 88 мейірбике, 29 кіші буын қызметкері және техникалық персонал бар. Бұл ұжым аудан тұрғындарының денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп, сапалы медициналық қызмет көрсетуді басты міндет санайды.

Мемлекеттік бағдарлама аясында сонау Шымкенттен Қостанай өңіріне қоныс аударған Мөлдір Райымбекова қазіргі таңда аудандық ауруханадағы «Пациентті қолдау орталығына» жетекшілік етеді. Ауылдық жерде қызмет етіп жүрген медицина маманының айтуынша, оның негізгі жұмыс бағыты - тұрғындардан келіп түсетін арыз-шағымдарды қарау. Әсіресе, емдеу барысында жіберілген кемшіліктерге қатысты мәселелер мұқият сараланып, әрбір шағым дер кезінде шешімін табады. «Ауылдық жерде арыз-шағымдар көп емес. Біз оларды уақыт оздырмай қарап, мәселені ушықтырмай шешуге тырысамыз», – дейді маман.

Алыс өңірлерге дәрігерлерді тарту оңай емес. Дегенмен, бұл бағытта мемлекет тарапынан жүйелі қолдау көрсетіліп келеді. Атап айтқанда, түрлі үстемақылар төленіп, баспанамен қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалмаған. «Маған үкімет тарапынан тегін үй берілді. Келгеніме еш өкінбеймін. Қысқа уақыт ішінде жаңа ортаға бейімделіп, үйренісіп кеттік. Тұрғын үйіміз жұмыс орнымызға өте жақын», – дейді ол.

Маман өз ісіне әбден төселгенін айтады. Жұмыс барысы толықтай жүйеленген, берілген тапсырмалар нақты жоспар бойынша орындалады. Кейіпкеріміз көпбалалы ана. Жолдасы – заңгер. Өзі бір емес, бірнеше мамандықты қатар меңгерген екен.

«Терапевт, жалпы тәжірибе дәрігері және дерматолог-косметолог мамандықтары бойынша қызмет көрсетемін. Қажет болған жағдайда бір бағытпен шектелмей, көпсалалы көмек көрсетуге дайынмын. Себебі, бұл халыққа қызмет ететін, үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Сондықтан таңдаған жолдан тайынбау керек. Дәрігердің жеке уақыты аз, көп уақытымыз жұмысқа арналады. Бүгінде ауыл мен қала арасындағы айырмашылық азайып келеді. Ауылдық жерлерде де тұрмыс деңгейі жақсарып, интернет желісі жақсы дамыған. Ауылда жұмыс істеген маман жан-жақты дамып, мол тәжірибе жинақтайды. Оның үстіне мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау да айтарлықтай», – дейді Мөлдір Райымбекова.

Данияр НҰРҚАСЫМОВ, дәрігер:

«Жетісу облысы, Алакөл ауылының тумасымын. С.Жапаров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетін тәмәмдағанмын. Туған жерімде реаниматор-анестезиолог болып қызмет атқардым. Бірнеше жыл Алматыда «Ковид» орталығында бөлім меңгерушісі болып қызмет істедім. Кейін Талдықорған облыстық перинаталдық орталықта реанимация және интенсивті терапия бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқардым. Содан кейін мемлекеттік бағдарлама арқылы Жангелдин ауданына шақыртумен келдім. Қазір аудандық орталық ауруханада «Комплексті және интенсивті терапия бөлімінің» меңгерушісі болып қызмет атқарып жатырмын. Барлық көмекті алдым. Екі бөлмелі жаңа пәтер берді. Жұбайым, екі балам бар. Екінші балам ұлылар өмір сүрген киелі Торғай жерінде дүниеге келді».

Шалқар БОЛАТҰЛЫ, дәрігер:

«Мен осы Торғай өңірінің тумасымын. 2018 жылы «Жалпы тәжірибедегі дәрігер» мамандығы бойынша жұмысқа орналасқанмын. 2023-2024 жылдары резидентураны бітіріп, радиология мамандығы бойынша аудандық ауруханаға қайта келіп, қызмет атқарып жатырмын. Радиология – халыққа сәулелі диагностика жүргізетін мамандық. Өзім отбасылымын. Үш ұлым бар. Жұбайым да медицина қызметкері».

Ақ халатты абзал жандардың халыққа көрсетіп жатқан оңтайлы қызметіне ем алушылар да дән риза.

Ділназ СЕЙІЛБЕККЫЗЫ, ем алушы:



«Дәрігерлер толығымен баламыздың денсаулығын қарап, уақытылы емдомдарын жасап жатыр. Қажетті дәрі-дәрмектерді береді, тамақтары да жақсы. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Ел үшін еңбек еткен жандардың жұмыстары бағалана берсін».

Суреттерді түсірген – автор

Жангелдин ауданы

Өңір тарихының бір парасы

(Басы өткен санда)

ЖОЛМҰХАММЕД ишан АЙМҰХАММЕДҰЛЫ

Жолмұхаммед ишан Аймұхаммед ұлы 1888 жылы дүниеге келген. Руы Жағалбайлы, Сирақты. Расулия медресесінде білім алған. Ұрпақтары мен көнекөз қариялар естеліктерінде Шоман ата деген атпен танымал болған Жолмұхаммед ишан туралы қызық деректер қалдырған. Ол адамдарды Құранмен емдеген, кімнің және қандай өтінішпен келетінін алдын ала білген. Отты тоқтатып, өртті тізгіндей алатын. Кейбіреулер оның аяғы жерге тимей-ақ алыс қашықтыққа тез бара алатынын айтатын. Жақсы аңшы болған, үнемі жер кезіп жүретін. Қасиетті Түркістан қаласына да барған.



Суретте Орталық мұсылман діни басқармасының мүфтиі Ғабдырахман ишан Расулев әйелі Руза ханым Ғилмани қызымен. Осылайша, мүфти Ғабдырахман Расулев пен Жолмұхаммед ишан жақын дос болған деген қорытынды жасауға болады. Жолмұхаммед ишан 1967 жылы 79 жасында қайтыс болды. Ол Жетіқара ауданының Милютинка ауылында мұсылман зиратында жерленген. Өкінішке орай, оның өмірі әлі зерттелген жоқ.

Қостанайға экспедиция кезінде Аймұхаммедовтер отбасының Құран тәпсірінен мүфти Ғабдырахман Расулев пен оның әйелі Руза ханым Ғилманиқызының фотосуреті табылды. Суреттің артқы жағында мынадай жазу бар: «Мұхтарам пірәдар Жолмұхаммед эфенди Аймұхаммед ұлы! Суретті ескерткіш ретінде жібердім.

Жолдасым марқұм шейх Ғабдырахман бин әл-Шейх Зайнулла Расули - Мүфти хазрет һәм әйелі Руза ханым Ғилмани қызы.

1950 жыл 20 ақпан».

Ұлы Отан соғысы кезіндегі МҰСЫЛМАНДАР ПАТРИОТИЗМІ

Соғыстың алғашқы кезеңі – 1941 жылдың 22 маусымынан 1942 жылдың 18 қарашасына дейін - кеңес халқы үшін ең ауыр да қасіретті кезең болғаны белгілі. Елге өлім қаупі төнді. 1941 жылдың күзінде нацистік Германияда кеңестік режимге қарсы шыққан мұсылмандар арасынан Шығыс легиондары құрыла бастады. Осы кезде Сталин Орталық мұсылмандар діни басқармасының мүфтиі Ғабдырахман ишан Расулевты (Зайнулла ишанның ұлы) Уфадан алдырып, одан жәрдем сұрайды. Сталин мүфтиден халыққа уағыз айтып, елімізді жаудан қорғауға атсалысуын, мұсылмандарға бұл соғыстың қасиетті соғыс екенін түсіндіруді сұрайды. Осылайша Сталин мұсылмандардың рухын көтеру мақсатында діни рәсімдерді орындауға, намаз оқып, ораза ұстауға, зекет жинауға рұқсат етеді. Бұрын жауып тастаған мешіттер қайтадан жұмыс істеп, жаңалары да ашылды.

1941 жылы 2 қыркүйекте Мұсылмандардың орталық діни басқармасының мүфтиі Ғабдрахман Расулев барлық мұсылман қауымға үндеу жолдады: «Құрметті мұсылмандар! Бұл соғыс Отан үшін екенін білеміз, сондықтан майданда да, тылда да мұсылмандар жаудың көзі жойылғанша шайқасуға міндетті. Өздеріңізді әлсіз сезінбеңіздер. Егер жүз адам болса, екі жүз адамды жеңесіздер. Егер мың адам болса, Алланың рақымымен екі мың адамды жеңесіздер». Өзінің әсерлі сөзінде мүфти Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистеріне сүйенді [РММСПИ. Ф. 89. Оп. 12. Д. 10. Л. 15]. Сталинмен кездескеннен кейін 1942 жылдың мамыр айында Уфада Мұсылмандардың орталық діни басқармасының кезектен тыс съезі өтті. Осы съезде сөз сөйлеген мүфти Ғабдрахман Расулев барлық мұсылман діндарларына патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікке толы сөз сөйлеп, неміс фашизміне қарсы қасиетті соғыс - жиһат (ғазауат) жариялады. Бұл үндеу Кеңес Одағының барлық мұсылман халықтарының тілдеріне аударылып, олардың тұратын жерлерінде таратылып, мешіттерде уағыздар кезінде дауыстап оқылды. Қазақ молдалары мен ишандары мүфти Ғабдрахман Расулевтің үндеуіне құлшыныспен жауап берді. Біз Ұлы Отан соғысы кезіндегі олардың қызметін растайтын құжаттарды, соның ішінде ұрпақтарының жеке мұрағаттарында сақталған құжаттарды таптық. Жақында Челябі облысының Қызыл ауданында тұратын Мұтиғұлла хазреттің немерелеріне барған кезде мен Мұтиғұлла хазреттің мүфти Ғабдрахман Расулевпен тікелей хат алмасуын көрсететін құнды құжаттарды таптым. Қағаздардың арасында Мұтиғұлла хазреттің өзі жазған қолжазбалар да болды. Оларда фашизмге қарсы күресте қайырымдылық жасаған қазақтардың есімдері көрсетілген.

1942 жылы Мұстафа қажы мүфти Ғабдырахман Расулевтан тапсырма алған соң барлық қазақ, татар, башқұрт, шешен, ингуш, басқа да мұсылмандарды Жітіқараның ең үлкен ғимараты – аудандық мәдениет үйіне жинайды. Намаз оқылып болған соң халыққа Отанды қорғау үшін қасиетті соғыс жүріп жатқанын түсіндіріп, садақа жинауға шақырады. Мұстафа қажының үндеуіне құлақ асқан жұрт ақшалары мен әшекей бұйымдарын әкеле бастайды. Жітіқара ауданы мұсылмандарының атынан №14 есептшотқа 20 мың рубльге жуық садақа аударылады. Жоламан Ғұбайдуллиннің немересі және Жітіқараның көнекөз қариясы Нұртаза Бекенұлының естеліктері бойынша, Мұстафа қажы соғыстан оралмаған боздақтардың үйіне барып олардың рухына Құран бағыштаған. Осындай қиын-қыстау кезеңде халықпен бірге болған.

1943 жылы Орталық мұсылмандар діни басқармасы 10 млн рубльге жуық қаражат жинап, оны танк колоннасының құрылысына аударған. Көріп отырғанымыздай, қазақтар да, соның ішінде өздерінің жетекшілері – молдалар мен ишандар арқылы да үлес қосты. Ал мүфти Ғабдырахман Расулевтің өзі жеке жинағынан 50 мың рубль тапсырған. Иосиф Сталин «Известия» газетінде КСРО мұсылмандарына және жеке мүфти Ғабдырахман ишанға Қызыл Әскердің Жеңісіне қосқан қомақты үлесі үшін алғыс білдірген.

Қостанай облыстық мұрағатында 1948 жылы жазылған Қазақстандағы діни істер жөніндегі уәкілетті кеңестің хаты сақталған. Хатта жергілікті билік органдарына былай деп жазылған: «Сіздің Қостанай облысы Қазақстанның бір кездері үлкен діни қозғалыс болған аймақтарының бірі, себебі бұрынғы кезде ол ірі ишандар мен молдалары болған Троицк, Уфа сияқты және т.б. қалалармен тығыз байланыста болды. Олар жергілікті молдалар арқылы сіздің аймағыңыздың халқы арасында кең ауқымды діни уағыз жұмыстарын жүргізген. Қазіргі жағдай қандай, сіздің аймағыңыздағы діни қозғалыстың жағдайы қандай: ол дамып келе ме, әлде әлсіреп келе ме? Мұсылман дін қызметкерлері не істейді: молдалар және сол сияқтылар?» [ҚОММ. Ф. Р268. Оп.11. Д.73. Л.211.].

Бұл құжаттан көрініп тұрғандай, билік Қостанай облысының діни қозғалыстағы көшбасшылығын мойындады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың ортасындағы Қостанай облысының Жетіқара ауданындағы мұсылмандардың діни өмірі қазақ молдаларының (қажылар мен ишандардың) қызметі арқылы көрсетілген. Қуғын-сүргін жылдары исламға қызмет еткен қазақ мұсылман көшбасшыларын дамытудағы Зайнулла Расулев пен Расулия медресесінің рөлі ерекше атап өтілген. Кезінде Зайнулла ишан: «Халқымыздың шыдамы біздің Аллаға деген Сеніміміздей күшті. Құдай әділ және азап шеккендерге сыйы бар. Мен сол күнді көре алмасам да, шындықтың жарығын ештеңе жасыра алмайтын күн келеді», - деген.

Фондтармен жұмыс істеуге мүмкіндік берген мұрағат қызметкерлеріне шын жүректен алғыс білдіремін. Сондай-ақ, осы мақаланы жазу кезіндегі кәсіби кеңестері үшін тарих ғылымдарының кандидаты, Ресей Ғылым академиясының Орал бөлімшесі Тарих және археология институтының аға ғылыми қызметкері Гүлсифа Такиюлловна Бакиеваға алғыс айтамын. Араб жазуын аударғаны үшін Айдаржан Балтабай ұлы Қасеновке рахмет (Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы). Қаржылай қолдау көрсеткендері үшін Жітіқара ауданының әкімі Аслан Амантайұлы Жаныспаевқа, сондай-ақ кәсіпкерлер Владимир Васильевич Вастьяновқа, Сапарғали Сабыржанұлы Қарымовқа, Қондыбай ауылының тұрғындары Самат пен Талғат Исмаиловтарға, сонымен бірге Жітіқара және Қызыл аудандарының жамағатына алғыс білдіремін.

Мұтиғұлла хазреттің, Мұстафа қажының және Жолмұхаммед ишанның немерелері мен шөберелеріне берген материалдары үшін үлкен алғыс. Қызыл ауданының Заря ауылынан келген Қамқа Құланбайқызы Мұмбаеваға (1940 жылы туған) құнды естеліктері мен қонақжайлылығы үшін рахмет.

(Соңы)

Гүлсара ХАНСАФАРОВА,
өлкетанушы
Жітіқара ауданы



Мүфти Ғабдрахман Расулевтің хаттары, 1943 ж.





Зекет пен садақа берген мұсылмандардың тізімі, 1943 ж.

Спорт

Тағы да сүйінші жаңалық!

Италияның Линьяно қаласында дзюдодан жастар арасында өткен Еуропа Кубогында жерлесіміз Досбол Балғабай жеңімпаз атанды.

Жеңіс тұғырына көтерілген қостанайлық балуанды облыс әкімі Құмар Ақсақалов шын жүректен құттықтады. 81 кг салмақ дәрежесінде белдескен Досбол кәсіби дайындығы мен табандылығының арқасында барлық қарсыласынан басым түскен болатын.

«Бұл жеңіс – отандық дзюдо мектебі үшін үлкен жетістік және спортшыларымыздың халықаралық аренадағы жоғары деңгейін дәлелдейді. Досболға алдағы жарыстарда да толағай табыс тілеймін. Жеңіс құтты болсын!» – деді әкім.

Тимур ҚАЙРАТҰЛЫ
ҚӨУ студенті



Құқық

Елуге тарта дроп ұсталды

Сәрсалы МЫРЗАБАЙ

Кейінгі үш айдың дерегіне сүйенсек облыста ақпараттық-технологиялар саласында 324 қылмыс тіркелген. Ал 286 қылмыс интернет-алаяқтық жолымен жасалған.

Жиырмаға жуығы интернет пайдаланушыларға қатысты жасалған ұрлықтар. Яғни, банк шотына заңсыз қолжеткізуді беру, тарату мен сатып алу дерегі. Осы ретте жедел жүргізілген жұмыстың арқасында 49 тұлға ұсталған.

Ал онлайн-флатформа арқылы сатып алу кезінде 85 алаяқтық ісі жасалған. Мұның сыртында жыл басынан бері 170-тен аса дроп және бес абоненттік нөмір активаторы ұсталған. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен брифингте ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Рашид Мадяров айтып берді.

«Ұлттық банктің «Антифрод орталығы» жүйесі арқылы дроптардың транзиттік банк шоттарына жалпы сомасы 2 844 584 теңгеге шектеу қойылып, оның ішінде жәбірленушілерге 998 400 теңге қайтарылды. Соттар 56 дропқа қатысты азаматтық тәртіпте негізсіз баю бойынша 73 млн теңгеден астам соманы қайтару туралы шешімдер шығарды. Он тоғыз іс соттардың қарауында, ал он жеті тұлғаға қатысты талап-арыз беру материалдары дайындалу сатысында. Банктердің қауіпсіздік қызметтерімен өзара іс-қимыл нәтижесінде алаяқтарға 17 млн теңге сомасында төрт ақша аудару дерегінің алдын алды», – дейді Рашид Мадяров.

Интернет-алаяқтықтың алдын алу үшін құзырлы орган өкілдері білім беру, мектепке дейінгі мекемелерде, ірі өндіріс орындарында, әкімдіктер мен мемлекеттік мекемелерде дәріс өткізіп келеді. Сондай-ақ интернет желісіндегі «Кибернадзор» жүйесіне 9 мыңнан аса құқыққа қайшы контент сілтемелері енгізілген.

Банк немесе полиция ешқашан телефон арқылы карта кодыңызды, парольді немесе SMS-кодты сұрамайтынын есте сақтаған жөн. Жоғары пайыз уәде ететін инвестициялардың көбі – алаяқтық. Онлайн сатып алуда тек сенімді платформаларды пайдаланып, төлемге көз жеткізген дұрыс.

Мұғалім мінбері

Қазақ тілі тағдыры және Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық-саяси қызметі

Қазақ қоғамы мен мемлекеттік құрылым арасындағы байланысты үйлестіре отырып, ұлттық тіл мәселесін саяси-қоғамдық деңгейге көтере білген санаулы қайраткерлердің бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін ең алдымен табандылық пен принципшіл мінез қажет, ал осындай қасиеттер Өзбекәлі Жәнібековтің бойынан көрініс тапты. Бұл мінезі мен ұстанымын оның Амангелді ауданында өткен шопандар тойына байланысты оқиғасы айқын дәлелдейді.

Көпен Әмірбектің естелігіне сәйкес, Өзбекәлі Жәнібеков ауданға келе жатып, қасқа жол бойындағы «Добро пожаловать» деген жазуды көріп, келген меймандарды орысшалап қарсы алудың қажеті қанша екенін аудан басшысына ескертеді. Содан соң шопандар ауылына барған кезде баяндама дайындалуын сұрайды, алайда ол орыс тілінде жазылғанын байқайды. «Қанша орыс бар?» деп сұрағанда, аудан басшысы орыс қойшы жоқ деп жауап береді, сонда Өзбекәлі Жәнібеков баяндаманы көз алдында жыртып, қазақ тілінде жасауға бұйырады». Нәтижесінде баяндама қазақ тілінде оқылып, ауылдан шопандар тойынан қайтқан кезде «Добро пожаловать» деген жазу «Қош, келдіңіздер» деп өзгертіліп қойылады. Бұл оқиға оның ұлттық тілге деген батылдығы мен табандылығын, сондай-ақ нақты іс арқылы тіл мәртебесін көтеруге үлес қосқанын айқын көрсетеді. Бұл оқиға 1970 жылы болғанымен, оның мәні бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтайды. Өзбекәлі Жәнібековтің ұлтқа адалдығы, намысшылдығы және тілге деген сүйіспеншілігі әр қазаққа үлгі.

Өзбекәлі Жәнібеков өз отбасында да қазақ тілінің қадірін сақтауды басты мақсат етіп қойды. Үш баласы да орыс мектептерінде оқығанына қарамастан, олардың жүрегіне ана тіліне деген құрметтің дәнін егуді көздеді. Үлкен ұлының естелігі бойынша, 1965-1966 жылдары өзінің орысшаға еліктеп бара жатқанын көрген Өзбекәлі баласына салмақты әңгіме айтып, қазақ тілін үйренуге, қазақша газет-журналдарды оқуға үндеген. Ол баласына: «Орыс тілі өмір бойы үстем болып тұра бермейді. Көр де тұр, алда сондай заман келеді, қазақ тілі мемлекеттік тілге айналады. Оны білмеген қазақтың өмір сүруі қиынға соғады» – деп түсіндірген. Ұлының бойына қазақылықты сіңіру үшін оны жиі ауылға жіберіп, қазақ тілін күнделікті өмірде қолдануға жағдай жасаған.

Бұл естеліктер Өзбекәлі Жәнібековтің мінезіндегі намысшылдық пен ұлтшылдық қасиеттерін, ана тілін қорғаудағы табандылығы мен тәрбиелік мәнін айқын көрсетеді. Ол тек қоғамдық деңгейде емес, отбасы аясында тілге деген құрметті қалыптастырып, ұрпаққа ұлттық сананы сіңіруге барын салғанын аңғартты. Осындай үлгілі мінезі арқылы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге және оның өміршеңдігін қамтамасыз етуге нақты іс-әрекеттер жасады.

Өзбекәлі Жәнібеков ғылыми зиялы қауымның үндеулерін қолдап, 1989 жылы «Тіл туралы» Заңның қабылдануына ықпал етті. Сондай-ақ «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына және «Ана тілі» газетінің жарыққа шығуына тікелей ат салысты. Бұл әрекеттері оның тек саяси белсенділігімен ғана емес, ұлттық сананы көтеруге деген шынайы ниетімен де ерекшеленгенін дәлелдейді. Осылайша қазақ тілінің жанашыры ретінде өзінің тарихи миссиясын толық орындады. Бұл еңбегі бүгінгі ұрпаққа тілге құрмет көрсету, ұлттық мәдениет пен тарихты сақтау жолындағы маңызды сабақ болып қала бермек.

Ақерке ӘЛІМБАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мұғалімі
Арқалық қаласы

2026 жылдың I тоқсанында жер учаскелерін алған тұлғалардың тізімі

№	Жер пайдаланушының аты-жөні	Жер учаскесін беру негіздемесі	Жер учаскесінің нысаналық мақсаты	Жер учаскесінің ауданы	Жер учаскесінің орналасқан жері	Құқық түрі	Жалдау мерзімі
1	Ә.С.Абжанов	2026 жылғы 30 қаңтардағы № 20 Қостанай облысы әкімдігінің қаулысы	Ізденіс жүргізу үшін	4,3466	Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Мүктікөл ауылдық округі	Уақытша өтемді қысқа мерзімді жер пайдалану	2027 жылғы 23 тамызға дейін

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Шеф-редактор: 54-67-65
Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42
Жарнама бөлімі: 54-33-22
Бухгалтерия: 54-99-88
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91
Амангелдіде: 8-700-725-98-09
Жангелдинде: 8-701-323-54-91
Беттеуші-дизайнер: Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.
А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.
«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, **№17374-Г** куәлігі берілді.
«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Офсеттік басылым. «**Полиграфия Қостанай**» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

Нөмірдің кезекші редакторы: Қарлығаш ОСПАНОВА **Тапсырыс:** 485 **Таралымы:** 5237

МӘДЕНИ МАЙДАН МАЙТАЛМАНЫ

Жәндос ЖҮСІПБЕК

Қазақ руханиятының жанашыры, елдегі кітапхана ісінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан тұлға, ҚР Еңбек сіңірген кітапханашысы Нәзира Дәулетованың туғанына 100 жыл. Даңқты қайраткердің мерейтойына орай туған жері Сарыкөл ауданында тағылымды іс-шара өтті. Оны аудан әкімдігі мен Ыбырай Алтынсариннің облыстық мемориалдық музейі ұжымы бірлесе ұйымдастырды.

«Кітапхана ісі – кәсіби шеберлік жолы» басқосуынан көрініс

Сарыкөл өңірінің ғана емес, тұтас облыстың мақтанышына айналған ұлағат иесін жерлестері ерек құрметпен еске алды. Өнегелі өмір жолын, ел мүддесі жолындағы ерен еңбегін насихаттауға арналған жиын аудандық Мәдениет үйінде өтті. «Кітапхана ісі – кәсіби шеберлік жолы» аталған басқосуға ауданның, облыстың зиялы қауымы қатысты. Жарты ғасырдан астам ғұмырын ұлт мәдениетінің қанат жаюына бағыштаған, 25 жыл ҚР Ұлттық кітапханасында қызмет еткен білім-білігі терең, болмысы биік көрнекті тұлғаға тағзым жасалды.

«Нәзира апамыз Сарыкөл өңірінде дүниеге келіп, кітапхана саласында өшпес қолтаңбасын қалдырды. Ол қызмет еткен жылдары кітапхана қоры бірнеше есе ұлғайып, ғылыми-әдістеме орталығы ретінде қалыптасты. Осы саланы жаңғыртуға, оқырман мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық әдеби мұраны сақтауға бастамашы болды. Кітапхананы тек кітап сақтайтын орын емес, қоғамды тәрбиелейтін рухани орталық ретінде дамытуға атсалысқан алып тұлға. Мақтаныш тұтатын апамыздың есімі бүгінде аудандық кітапханаға берілген. Ал оның асыл мұрасы қоғамдық құндылықтың сақталуына, насихатталуына қызмет етіп келеді. Бүгінгідей іс-шараның мәні ерек есімді еске алуға ғана емес, кітапхана ісінің жаңа бағыт-бағдарын айқындауға, маңызды мәселелерді талқылауға жол ашады», – деді аудан әкімі Марат Шымырбеков жиынның ашылуында сөйлеген сөзінде.

Келелі кездесуде Нәзира Қожахметқызының еңбек жолынан кеңінен мағлұмат айтылды. Оның облыс, республика деңгейінде дәріптеуге лайық майталман екені сөз етілді. Қажырлы қызметі үшін жоғары бағаланған қайраткер болғанын көпшілік қауым тілге тиек қылды. Нәзира апамыз кітапхана ісін дамытудағы еңбегі үшін 1957 жылы «Қазақ КСР Еңбек сіңірген кітапханашысы» құрметті атағын иеленген екен. 1967 жылы «Ленин», 1986 жылы «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.Ұлттық кітапхананың дамуына, жаңа ғимаратқа көшіп, заманауи үлгіде жабдықталуына мұрындық болғаны тағы бар. Қазақстанда кітапханатану ғылымына сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз. Көрнекті ақын, ғалым Серікбай Оспанұлы кітап оқу мәдениеті туралы ой толғай келіп, оның қоғамдық санаға орнығуына Нәзира Дәулетованың қосқан үлесін жоғары бағалады.

«Кітабы жоқ үй – бұтағы жоқ ағаш. Кітап – мәңгілік ақылшы. Әлемнің ақыл-есі – адам, ал адамзаттың бүкіл ақыл-есі қайда? Кітапта, кітапханада. Әр үйде кітап болуы керек дейтініміз сол. Әсіресе саркөлдіктердің шаңырағында кітап болуы қажет, бұл жақта кітапты сыйламайтын адам болмауға тиіс. Өйткені мұнда Нәзира апамыз өмірге келген. Бүкіл ғұмырын кітапқа, кітапхана ісіне арнады. Тұңғыш өз саласын зерттеп, еңбек жазды. Кандидаттық диссертация қорғады. Ол оңай нәрсе емес. Ондай қазақта бұрын-соңды болмаған. Қай жерде мектеп ашса, сол жерде кітапхана ұйымдастырған Ыбырайдың еңбегі туралы көп жыл қате пікірлер айтылып келді. Сол үшін Нәзира апамыздың басшылығымен 1979 жылы алғаш Ыбырайдың библиографиялық көрсеткіші жарық көрді. Бұл туған жеріне, ұлы ұстазға деген ұлағаты», – деді Серікбай ағамыз.

Ол мінбердегі сөзін «кітаптан алыстаған адам адамгершіліктен алыстайды» деп түйіндеп, осы мазмұндағы жастарға арнлаған өлеңін оқып берді. Ал Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана басшысы Сәния Безаубекова Нәзира апамыздың ел кітапханасын ғылыми тұрғыда қалыптастырған ересен еңбегін тарқата баяндады.

«Отансүйгіштік тәрбие – ұлт руханиятының өзегі. Ол бабалар мұрасын құрметтеуден, елге еңбегі сіңген тұлғаларды дәріптеуден, мәдени құндылықтарды сақтап, келер ұрпаққа жеткізуден басталады. Осы істің ірі ұйымдастырушысы Нәзира Қожахметқызының орны ерекше. Ардақты апамыз ұлттық кітапханатану ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ол осы бағыттағы іргелі өзгерістердің басында тұр. Еліміздегі мемлекеттік көпшілік кітапханалар желісін орталықтандыруды жүзеге асырып, жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жол салды. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамытып, шетелдік озық тәжірибелерді енгізу арқылы ел кітапханаларын әлемдік кеңістікке шығаруға ықпал етті. Ғылыми еңбектері аса бағалы. «Қазақстан кітапханаларының тарихы» және ұлттық библиография мәселелеріне арналған зерттеулері осы күнге дейін өте өзекті», – деді Сәния Серікқызы.

Серікбай Оспанұлы: «Кітаптан алыстаған адам адамгершіліктен алыстайды»

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Солдат Дүтбаев тұлға туралы естелік айтып тұрған сәт

Ол Нәзира Дәулетова есімінің аудандық кітапханаға берілуі жерлестерінің ерен тұлғаға деген құрметі әрі заңды құбылыс деп бағалады. Бүгінде бұл құтхана ақпараттық орталық қана емес, мерейтой иесінің бай мұрасын насихаттауға арналған рухани алаңға айналып отырғанын сөз етті. Ал мерейтой аясындағы іс-шаралар апамыздың туған жерінде ғана емес, өңірдегі басқа да кітапханаларда аталып өтпек. Мәселен, таяу күндері Арқалық қаласында өңірлік семинар ұйымдастырылады. Сондай-ақ қазан айында Л.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Дәулетова оқуларын өткізу жоспарда бар. Алматы қаласында да Нәзира апамыздың 100 жылдығына арналған үлкен конференция ұйымдастыру көзделіп отыр.

Осыдан соң Нәзира Қожахметқызымен кітапхана ісінде әріптес болған, кейінгі жылдары Қостанай облыстық экономикалық сотында судья қызметін атқарған зейнеткер Гүлзия Раева көзкөрген тұлға туралы баяндама жасады. Нәзира апамыз жайында деректі фильм түсіріп, оның еңбегі мен өмір жолын, жарқын болмысын көрерменге танытқан белгілі теледокменталист, Қазақстанның құрметті журналисі Гүлжібек Бекмұхамедова мәнді-мазмұнды әңгіме-сыр шертіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Баяндамасын «Нәзира Дәулетованың кітапқа деген шексіз махаббаты» деп атапты.

«Мен қазақстандық кітапханашы туралы алғашқы және бірегей деректі фильм жасаған автор екенмін. Оны он жыл бұрын, Нәзира апамыздың 90 жылдығына орай түсірдім. Бұған мені жерлестеріңіз Солдат Дүтбаев шабыттандырды... Жобаны жасау кезінде көзім жеткені, Нәзира Дәулетова – XX ғасырдағы тұлғасы биік әйелдердің бірі. Кітапханашылар арасында Ленин орденінің кавалері атанған жалғыз әйел. Ол – қоғам санасына революция жасай алған тұлға. Негізгі мамандығы физик бола тұра, ағартушылық бағытты, кітапхана ісін таңдауына қандай күш, құдірет итермеледі екен? Осы ой мені әлі аң-таң қалдырады...» – деп ақжарылып, кең көсіле сөйледі кәнігі журналист.

Естелік, лебіз-пікірлер легін Ыбырай Алтынсариннің облыстық мемориалдық мұражайы қызметкері, экскурсия жетекшісі Шынар Досмағамбетова, облыстың бас кітапханасының бөлім секторы Гүлмира Баймұханбетова, Сарыкөл ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері Солдат Дүтпаев және Нәзира апамыздың өмір жолы мен бай мұрасын зерттеп жүрген сарыкөлдік жас дарын, Астана халықаралық университетінің студенті Айнаш Сәкенова жалғады. Жиын соңында іс-шараға белсенді атсалысқан азаматтар аудан әкімінің алхыс хатымен марапатталды. Мерейтой аудан өнерпаздарының концертіне ұласты.

Көпшілік қауым Мәдениет үйінің фойесіне қойылған Ыбырай музейінен және облыстық кітапханадан әкелінген жәдігерлер, Нәзира апамыз тұтынған бұйымдар көрмесін тамашалады. Бұдан соң мерейтой меймандары қайраткер атындағы аудандық кітапханаға арнайы барып, ескерткіш тақта түбіне тағзым гүлін қойды. Кітапхананы аралап, әр бөлім жұмысымен, тыныс-тіршілігімен, жоба-жоспарларымен танысып, сұрақ-жауап, ой-пікір алмасты.

Зиялы қауым Нәзира Дәулетова ескерткіш тақтасына тағзым гүлін қойды

Аудан басшысы танымал журналист Гүлжібек Бекмұхамедоваға Алғыс хат табыс етті

Жас әнші әрі ақын Серікболсын Әбікен мерейтойға арнау айтты

Суреттерді түсірген – Руслан ӘЛКЕЕВ
Сарыкөл ауданы